

Дизель отынын әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 210 қаулысы

Ел экономикасының мұқтаждары үшін дизель отынының қажетті қорын жасау мақсатында және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексі 8-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағынан тұрмыстық пештік отыннан басқа, дизель отынын (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН - 2710 19 410 0 - 2710 19 490 0) 2004 жылғы 1 наурыздан бастап 1 маусымға дейін әкетуге тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетін осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан дизель отынын әкетуге Қазақстан Республикасының тыйым салуды енгізетіні туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі